

Н.Ж. ИСЕМБАЕВА¹, Н.Е. МУКАНОВА^{2✉}, А.Ж. УТЕМИСОВА³

^{1,2}PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(Қазақстан, Астана қ.), ¹e-mail: nabat_isembaeva@mail.ru

²e-mail: mukanova.nurzhanat@inbox.ru

³PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: arai19_83@mail.ru

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ: ЦИФРЛЫҚ ЭТИКА НЕГІЗІНДЕ ЖОО ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚҰРУ

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орындары студенттері арасында кибербуллингтің таралуы мен олардың цифрлық этикет деңгейін зерттеу мәселесі қарастырылады. Кибербуллинг қазіргі цифрлық қоғамның маңызды мәселелерінің бірі және оның студенттер арасындағы психологиялық жағдайға, оқу жетістіктеріне теріс әсері зор. Цифрлық этикетті жетілдіру арқылы кибербуллингтің алдын алу мүмкіндіктері зерттеліп, студенттердің интернеттегі мінез-құлық нормаларын меңгеруі, агрессия мен теріс пікірлерден аулақ болу дағдылары маңызды екені атап көрсетілген. Цифрлық этикет туралы білім беру студенттерге бір-біріне құрметпен қарауды, жеке деректерін қорғауды үйретіп, онлайн ортада қауіпсіздік қалыптастыруға ықпал етеді.

Авторлар кибербуллингтің түрлі түрлері мен оның психологиялық және әлеуметтік салдарларын талдап, білім беру мекемелерінде қауіпсіз цифрлық орта құрудың маңыздылығын атап көрсетеді. Цифрлық этикеттің принциптері және оның кибербуллингтің алдын алу стратегияларымен байланысы қарастырылады.

Зерттеуде сауалнама әдісі арқылы студенттердің кибербуллинг пен цифрлық этика туралы түсініктері, сондай-ақ олар цифрлық кеңістікте кибербуллингпен қаншалықты жиі кездесетіні зерттелді. Зерттеу нәтижелері студенттердің кибербуллинг және цифрлық этикет туралы түсініктері мен көзқарастарының қалыптасқандығын көрсеткенімен, цифрлық дағдыларды дамыту және цифрлық сауаттылықты жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Авторлар болашақ педагог-психологтардың кәсіби қызметіне дайындықты жақсарту мақсатында «Цифрлық этикет және кибербуллинг» элективті курсы оқу бағдарламасына енгізу қажеттілігін ұсынады.

Кілт сөздер: кибербуллинг, цифрлық этикет, цифрлық орта, қауіпсіз орта, студент.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Исембаева Н.Ж., Муканова Н.Е., Утемисова А.Ж. Кибербуллингтің алдын алу: цифрлық этика негізінде ЖОО қауіпсіз орта құру // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 442–458. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.303>

*Cite us correctly:

Isembaeva N.Zh., Mukanova N.E., Utemisova A.Zh. Kiberbullingtın aldyn alu: cifrlyq etika negizinde ZhOO qauipsiz orta quru [Preventing Cyberbullying: Creating a Safe Environment in Universities Based on Digital Etiquette] // *Iasauı universitetinın habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 442–458. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.303>

N.Zh. Issembayeva¹, N.E. Mukanova², A.Zh. Utemissova³
^{1,2}PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), ¹e-mail: nabat_isembaeva@mail.ru
²e-mail: mukanova.nurzhanat@inbox.ru
³PhD, Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical university
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: arai19_83@mail.ru

Preventing Cyberbullying: Creating a Safe Environment in Universities Based on Digital Etiquette

Abstract. The article addresses the issue of cyberbullying among university students and their level of digital etiquette. Cyberbullying is one of the significant challenges of contemporary digital society, negatively affecting students' psychological well-being and academic performance. The possibilities of preventing cyberbullying through the development of digital etiquette are explored, emphasizing the importance of students mastering norms of online behavior, avoiding aggression, and refraining from negative comments. Teaching digital etiquette fosters respectful attitudes toward others, protects personal data, and promotes the establishment of a safe online environment.

The authors analyze various types of cyberbullying, as well as its psychological and social consequences, highlighting the importance of creating a safe digital environment in educational institutions. The principles of digital etiquette and their connection with cyberbullying prevention strategies are examined.

The study, using a survey-based method, investigated students' perceptions of cyberbullying and digital etiquette, as well as the frequency of their encounters with cyberbullying in the digital space. The research results revealed that while students have formed certain perceptions and attitudes toward cyberbullying and digital etiquette, there is a need to develop digital skills further and enhance digital literacy. The authors propose introducing an elective course, "Digital etiquette and Cyberbullying," into the curriculum to better prepare future educators and psychologists for their professional activities.

Keywords: cyberbullying, digital etiquette, digital environment, safe environment, students.

Н.Ж. Исембаева¹, Н.Е. Муканова², А.Ж. Утемисова³
^{1,2}PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), ¹e-mail: nabat_isembaeva@mail.ru
²e-mail: mukanova.nurzhanat@inbox.ru
³PhD, старший преподаватель
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Казахстан, Алматы), e-mail: arai19_83@mail.ru

Предотвращение кибербуллинга: создание безопасной среды в вузе на основе цифровой этики

Аннотация. В статье рассматривается проблема распространения кибербуллинга среди студентов высших учебных заведений и уровня их цифрового этикета. Кибербуллинг является одной из значительных проблем современного цифрового общества и оказывает негативное влияние на психологическое состояние студентов и их учебные достижения. В рамках исследования изучены возможности предотвращения кибербуллинга через совершенствование цифрового этикета, подчеркивается важность усвоения студентами норм поведения в интернете, навыков избегания агрессии и негативных высказываний. Обучение

цифровому этикету способствует формированию уважительного отношения к другим, защите личных данных и созданию безопасной онлайн-среды.

Авторы анализируют различные виды кибербуллинга, а также его психологические и социальные последствия, акцентируя внимание на значимости создания безопасной цифровой среды в образовательных учреждениях. Рассматриваются принципы цифрового этикета и его связь со стратегиями предотвращения кибербуллинга.

В исследовании с использованием анкетирования изучались представления студентов о кибербуллинге и цифровом этикете, а также частота их столкновения с кибербуллингом в цифровом пространстве. Результаты исследования показали, что у студентов сформированы определенные представления и взгляды на кибербуллинг и цифровой этикет, но существует необходимость развития цифровых навыков и повышения цифровой грамотности. Авторы предлагают включить элективный курс «Цифровой этикет и кибербуллинг» в учебную программу для улучшения подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: кибербуллинг, цифровой этикет, цифровая среда, безопасная среда, студенты.

Кіріспе

Заманауи цифрлық технологиялар білім беру үрдісінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл білім беру үрдісін түбегейлі өзгертіп, білім сапасын жақсартуға ықпал етіп, білім алушылар мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығарды. Алайда, оң аспектілермен қатар, білім алушылардың цифрлық ортада этикалық және мәдени нормаларды дұрыс меңгермегендігі себепті, жаңа қауіп-қатер, соның ішінде кибербуллингтің пайда болуына себеп болды.

Кибербуллинг – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы адамның ар-намысына тию, қорқыту, мазалау және бопсалау әрекеттерін қамтиды. Ол жоғарғы оқу орнындағы білім беру үрдісіне кері әсерін тигізіп, білім алушыларды психологиялық күйзеліске түсіріп, академиялық үлгерімінің төмендеуіне, тіпті кей жағдайда әлеуметтік оқшаулануға әкелетін күрделі әлеуметтік құбылыс.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) деректеріне сенсек, бүкіл әлем бойынша студенттердің шамамен 20%-ы желіде агрессивті мінез-құлықты, соның ішінде әлеуметтік желілердегі қорқытуларды, қорлауды және балағаттауды бастан кешіреді екен [1].

Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығы (Всероссийский центр изучения общественного мнения) 2021 жылы ресейліктерге кибербуллинг бойынша сауалнама жүргізген, оның нәтижесі бойынша сауалнамаға қатысушылардың 10% дәрекі пікірлерге, 7% троллинг пен келекелеуге, 6% жынысына, жасына немесе көзқарасына байланысты қорлауға, 5% өзін қорлайтын ақпараттардың таралуына, 3% қорқытуға тап болса, 2%-ы жеке ақпаратты, интимдік фотосуреттерді немесе бейнелерді жариялаудың құрбаны болған [2].

Бұл мәселе біздің елімізді де айналып өтпеді. Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік ассоциациясының мәліметі бойынша, 2023 жылы кибербуллингке қатысты шағымдар алдыңғы жылмен салыстырғанда 15%-ға өскен [3].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысына сәйкес «2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту туралы» тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада «цифрландыру дәуірінде ақпараттық жүйелер және цифрлық контент саны күн сайын артып келеді дей келіп, пайдаланушылардың аудиториясы артуына сәйкес хакерлік шабуылдар мен хакерлердің саны да артқандығын

атап өтті. Сондықтан осы қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін құрылған «Қазақстанның киберқалқаны» цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту және сүйемелдеу қажеттілігі баса айтылған. Ол үшін сенімді, қолжетімді және қауіпсіз цифрлық инфрақұрылымды дамыту бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Осылайша, күрделі кибершабуылдарды анықтау және бейтараптандыру мақсатында зиянды кодтың функционалдығын анықтауға, қайта жұқтырудың алдын алуға мүмкіндік беретін зиянды кодты зерттеу орталығын құру ұсынылды. Табысты кибершабуылдар 80% жағдайда қызметкерлердің немқұрайлылығынан және азаматтардың цифрлық сервистерді пайдалану кезінде киберқауіпсіздіктің негізгі қағидаттарын білмеуінен туындайды, осыған байланысты азаматтарды қолжетімді онлайн-сервистерді (қосымшаларды) пайдалана отырып, кибергигиена негіздеріне оқытуды ұсынамыз» делінген [4]. Осы орайда студенттерді ел болашағының білікті мамандары ретінде қарастырып, олардың цифрлық этикетін жетілдіру арқылы кибербуллингтің алдын алу дағдыларын қалыптастыру ең өзекті мәселенің біріне айналғандығы анық.

Кибербуллинг психологиялық әсердің жоғары дәрежесіне ие, өйткені ол тәулік бойы орын алуы мүмкін, ал агрессордың анонимділігі оқиғаларды анықтау мен алдын алуды қиындатады. Бұл оқу мотивациясының төмендеуі, психологиялық денсаулықтың нашарлауы, зардап шегушіде мазасыздану мен депрессияның дамуы сияқты жағымсыз салдарға әкеледі. Бұл мәселенің басты себептерінің бірі жастардың виртуалды кеңістікте белгілі бір мінез-құлық нормалары мен ережелерін сақтауды көздейтін цифрлық этикетті жеткіліксіз меңгеруі. Аталған сын-қатерлердің аясында кибербуллингтің алдын алудың негізгі құралы ретінде цифрлық этиканы қалыптастыру ерекше маңызға ие. Ол интернетте өзара сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, студенттердің цифрлық сауаттылығын арттыруға және қауіпсіз білім беру ортасын құруға ықпал етеді. Әдетте, цифрлық сауаттылығы төмен, цифрлық мәдениет пен цифрлық этикет туралы білімдері жеткіліксіз студенттер цифрлық ортаның құрбанына айналады. Цифрлық этикет цифрлық сауаттылықтың бір бөлігі ретінде виртуалды ортадағы агрессияны азайтуда маңызды рөл атқарады. Оны студенттер арасында қалыптастыру жоғары оқу орындарының кезек күттірмейтін міндетіне айналып, білім берудің цифрлық трансформациясына көшу жағдайында көптеген ЖОО цифрлық қауіптердің, оның ішінде кибербуллингтің алдын алуға бағытталған стратегияларды әзірлеу және енгізу қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр. Цифрлық ортада қауіпсіз болу үшін студент жастардың цифрлық этикеті деңгейін жетілдіріп, цифрлық сауаттылық туралы білімдерін толықтыру керек.

Студенттердің цифрлық этикеті туралы білімдерін жетілдіру арқылы кибербуллингтің алдын алып, ЖОО-да қауіпсіз орта қалыптастыруда келесі мүмкіндіктері жүзеге асыруға болады:

- цифрлық этикет студенттерге бір-біріне құрметпен қарауды үйретеді. Бұл олардың виртуалды ортада өзара қарым-қатынасында дұрыс мінез-құлықты сақтауға ықпал етеді, кибербуллингтің болмауына негіз қалайды;

- студенттер цифрлық этикет арқылы эмоцияларын басқаруды, агрессия мен теріс пікірлерден аулақ болу дағдыларын меңгереді. Бұл оларды тек өзара қарым-қатынас барысында ғана емес, жалпы ЖОО-дағы атмосферада да жағымды, құрметті қарым-қатынас орнатуға бағыттайды;

- цифрлық этикет туралы дәрістер мен тренингтер кибербуллингтің психологиялық, әлеуметтік, құқықтық салдары туралы студенттерді ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

- цифрлық этикет студенттерге әлеуметтік желілерде өздерінің жеке деректерін қорғау қажеттігін түсіндіреді, бұл онлайн алаяқтық, кибербуллинг сияқты теріс әрекеттерді болдырмауға мүмкіндік береді.

- ЖОО оқу бағдарламасына цифрлық этикет пен кибербуллинг туралы курс енгізу арқылы қауіпсіз онлайн орта қалыптастыруға болады.

Зерттеудің өзектілігі: ЖОО студенттерінің арасында кибербуллингтің таралуы мен олардың цифрлық этикеті деңгейін зерттей отырып, кибербуллингтің алдын алу үшін цифрлық этикеті туралы білімдерін жетілдіру негізінде ЖОО-да қауіпсіз цифрлық ортаны қалыптастыру стратегияларын зерттеу.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің цифрлық этикетін жетілдіру арқылы кибербуллингтің алдын алу мүмкіндіктерін қарастыру; оны жүзеге асыру үшін теориялық, әдіснамалық талдау жасау; болашақ педагог-психологтардың кибербуллинг және цифрлық этикет туралы білім деңгейлерін анықтау және оларды кәсіби қызметке дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын цифрлық этикетін дамыту үшін оқу бағдарламасына «Цифрлық этикет және кибербуллинг» элективті курсы енгізуді жоспарлау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу барысында біз кибербуллингтің алдын алуда цифрлық этиканың маңызын толығырақ зерттеу үшін теориялық және нормативтік дереккөздерді талдау, материалды жүйелеу, жалпылау, сандық және сапалық әдістер: сауалнама әдістерін қолдандық. Ғылыми-теориялық ақпарат үшін кибербуллинг және цифрлық этикетке қатысты зерттеулерге, ғылыми мақалаларға, кітаптарға талдау жасадық. Тақырыптың ұғымдары мен теориялық негіздерін тереңірек түсіну үшін Қазақстан Республикасындағы жоғары білім берудің білім беру стандарттары, сонымен қатар біздің зерттеу саласына қатысты ғылыми басылымдар қаралды. Elsevier ұсынған Scopus Web of Science деректер базасына енгізілген ғылыми жарияланымдар материалдарын қолдандық, өйткені бұл дереккөздер ғылыми материалдар саласындағы ең беделді болып табылады. Бұл дереккөздер негізгі сөздер бойынша материалды табуға, сондай-ақ басылымдардың толық мәтінін оқуға мүмкіндік беретін функционалдық мүмкіндіктермен жабдықталған.

Студенттермен жүргізілген сауалнама кибербуллинг және цифрлық этика туралы түсініктерінің деңгейін анықтауға, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі қарым-қатынаста кибербуллингтік іс-әрекеттермен қаншалықты кездескендіктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік жұмыстар Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6B01102 – Педагогика және білім беру менеджменті білім бағдарламасының білім алушыларымен және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 6B01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының білім алушыларымен жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта Google формада алынды. Сауалнамаға барлығы 50 білім алушы қатысты.

Талдау мен нәтижелер

Кибербуллинг түсінігі көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жұмыстарда зерттелген, оларға: М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, П.Б. Сейітқазы, Қ.Қ. Шалғынбаева, Ғ.К. Длимбетова, Н.П. Албытова, L.O. Donnell, C. Hagquist, L. Beckman, G.W. Giumetti, R.M. Kowalski, P.K. Smith, З.Р. Мансурова, А.В. Каплун, Н.О. Зиновьева, М.М. Могунова, О.С. Рекун, О.В. Соболевская және т.б. жатады.

М.П. Асылбекова ғылыми зерттеулерінде балаларға қатысты «буллинг» және «кибербуллинг» түсініктерін талдап, оның себептері мен салдарлары зерделенген. Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллингті алдын алу бойынша Қазақстанның оңтүстік өңірінде жүргізілген тәжірибелері талданды [5].

П.Б. Сейітқазы зерттеу жұмыстарында ақпараттық қоғамда балалар арасындағы кибербуллингтің алдын алудың бір шарты ретінде медиасауаттылықтың ролі мен

мүмкіндіктерін негіздеген. Сонымен қатар, цифрлық гигиенаны сақтаудың негізгі ережелерін қарастырған [6].

Цифрлық этикет мәселесі әртүрлі ғылым салалары өкілдерінің, оның ішінде лингвистер, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, педагогтардың зерттеулерінде қарастырылған. Соңғы жылдардағы зерттеулерге талдау жасасақ, цифрлық этикеттің пәнаралық сипаты мен көпқырлылығына назар аударады.

Шетелдік зерттеулер цифрлық құралдар білімді жан-жақты әрі қолжетімді етуге мүмкіндік беретінін, әсіресе дағдарыс жағдайларында қашықтықтан білім беру арқылы оқытушылар мен білім алушылар арасындағы байланысты сақтап қалуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Сонымен қатар, цифрлық этикет оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған жобаларында да маңызды орын алады.

UNESCO жобаларында цифрлық қауіпсіздікке ерекше назар аударып, цифрлық этикет пен қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін көрсетеді. Олар онлайн қауіптерді, мысалы, жалған ақпарат тарату, кибербуллинг және қорлау сөздерді азайту үшін цифрлық қауіпсіздік стандарттары мен практикалық құралдар әзірлеуге тырысуда. Олардың мақсаты - барлық пайдаланушылар үшін қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыру, бұл мәселені шешу үшін әртүрлі елдердің үкіметтері, технологиялық компаниялар мен академиялық институттар бірігіп жұмыс істеп жатыр. Robinson Joy, Howard Rheingold, Uğur Oral, Maxi Heitmayer, Robin Schimmelpfennig, Howard Gardner, Mike Ribble, Eric Schmidt және Jared Cohen зерттеулері цифрлық этикетке қатысты теориялық және практикалық мәселелерді тереңірек зерттеп, педагогикалық процестерде оны тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Ресейлік зерттеушілер Л. Дускаева, Р.И. Мамина, Е.В. Пирайнен, О.В. Лукинова, Г.В. Валеева, Л.В. Вюшкова мен А.А. Вюшкова цифрлық этикет мәселесін әртүрлі аспектілерде зерттеп, интернеттегі қарым-қатынас мәдениеті, онлайн білім беру және цифрлық өзара әрекеттестіктің мәдени аспектілерін талдайды.

Қазақстанда цифрлық этикет тақырыбына қатысты бірқатар зерттеулер мен жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде п.ғ.д., профессор Сейітқазы Перизат Байтешқызының басшылығымен «ЖОО-да оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жоба жүзеге асырылып жатыр [7]. Жобаның аясында цифрлық этикет пен желілік коммуникация мәдениетінің теориялық және этикалық аспектілерін қамтитын оқу-әдістемелік құрал әзірленуде.

Сондай-ақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде п.ғ.д., профессор Әбдіғабарова Ұлжарқын Мүсілімқызының жетекшілігімен «ЖОО-ның онлайн қауымдастықтарында оқытушылар мен студенттердің желілік коммуникативтік мәдениеті мен цифрлық этикетін қалыптастыру жүйесін әзірлеу» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде [8]. Бұл жоба цифрлық этика кодексін дайындауды, желілік коммуникация мәдениетінің Жол картасын әзірлеуді және оқытушылар мен студенттерге арналған цифрлық этикет бойынша арнайы білім беру бағдарламаларын жасауды қамтиды. Жоба цифрлық этикет пен желілік мәдениетті қалыптастыру арқылы қазіргі білім беру жүйесінде тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

Аталған жобалар цифрлық этикет саласында теориялық және тәжірибелік негіздерді дамытуда ерекше маңызды рөл атқарады және білім беру саласындағы желілік мәдениетті жетілдіруге бағытталған.

Б.Т. Керімбаева өз зерттеулерінде желілік коммуникативтік мәдениеттің болашақ мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға, тиімді оқу ортасын қалыптастыруға әсерін және оның заманауи трендтермен бірге жүретіні туралы айтады [9; 10].

Ержанова Алмаш «Білім алушылардың цифрлық этикеті және педагогтың цифрлық мәдениеті мәселелерін зерттеу» атты мақаласында цифрлық этикет пен қауіпсіздік мәселелерін қазақстандық білім беру контекстінде қарастырған. Ол педагогтар мен білім алушылардың цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасау ережелерін талдап, онлайн білім беру процесіндегі цифрлық этикеттің рөлін атап өтті [11].

Қазіргі цифрлық дәуірде интернет пен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы қоғамның түрлі салаларына айтарлықтай әсер етуде. Әсіресе, білім беру жүйесінде жаңа технологиялар мен цифрлық платформалардың қолданылуы студенттердің оқу процесін жеңілдетіп, коммуникация мүмкіндіктерін кеңейтті. Алайда, бұл үрдістермен қатар кибербуллинг (цифрлық қысым көрсету) секілді жаңа қауіптер де туындап отыр. Кибербуллинктің ЖОО-дағы студенттердің психологиялық жағдайына, оқу жетістіктеріне және жалпы өмір сапасына тигізетін теріс әсері үлкен. Осыған орай, ЖОО деңгейінде қауіпсіз цифрлық ортаны құру және кибербуллинктің алдын алу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мақалада кибербуллинктің мәні, оның салдары, сондай-ақ цифрлық этика негізінде қауіпсіз орта құру стратегиялары қарастырылады.

Кибербуллинг – бұл интернетте, әлеуметтік желілерде, электрондық поштада немесе басқа да цифрлық платформаларда адамның намысына тию, қорлау, мазалаумен байланысты әрекеттер. Бұл құбылыстың негізгі ерекшелігі – оның кең таралу жылдамдығы, анонимдік сипаты және қайталану мүмкіндігі.

Кибербуллинктің түрлері:

1. Қорқыту және бопсалау: құрбанына зиян келтіру немесе ақпаратты жариялау арқылы қысым көрсету.
2. Жалған ақпарат тарату: адамның беделін түсіруге бағытталған жалған мәліметтер мен қауесеттерді тарату.
3. Қоғамнан оқшаулау: құрбанды топтық чаттардан, форумдардан шығару немесе елемей.
4. Агрессиялы комментарийлер: сын айту мен мазақтау мақсатында жазылған пікірлер.

Кибербуллинктің салдары:

Кибербуллинг құрбандары жиі психологиялық күйзеліс, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, тіпті суицидтік ойларға бейімделуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл құбылыс студенттердің оқу үлгеріміне және әлеуметтік қатынастарға кері әсер етеді.

ЖОО-да қауіпсіз цифрлық ортаны құру маңыздылығы студенттердің білім алуы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың қауіпсіздігі мен психологиялық жайлылығы үшін де жауапты. Кибербуллингке қарсы күрес ЖОО-дағы барлық мүдделі тараптардың – әкімшілік, оқытушылар, студенттер – бірлескен жұмысын талап етеді.

Қауіпсіз ортаның компоненттері:

- цифрлық сауаттылықты арттыру: студенттерді және оқытушыларды интернеттегі қауіптерден қорғау жолдарын үйрету;
- этикалық құндылықтарды насихаттау: студенттер арасында өзара құрмет пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру;
- кибербуллинг туралы хабардарлықты арттыру: арнайы семинарлар, тренингтер және ақпараттық кампаниялар өткізу;
- цифрлық этика негізінде кибербуллинктің алдын алу стратегиялары.

Цифрлық этика – бұл интернет пен технологияларды қолдану барысында адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты моральдық және құқықтық нормалар жиынтығы. Цифрлық этика принциптері жауапкершілік, адалдық, құпиялылықты сақтау және өзара құрметке негізделеді. Бірқатар зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып цифрлық


этикеттің негізгі үш принципін анықтауға болады: жеке кеңістікті құрметтеу; құпиялылықты сақтау; агрессивті мінез-құлықтан бас тарту.

Құқықтық реттеу ЖОО деңгейінде кибербуллингке қарсы арнайы ережелер мен санкцияларды енгізуді көздейді. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқық бұзушылықтарды анықтау және жауапкершілікке тарту механизмдерін түсіндіреді. Технологиялық құралдарды қолдану интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағдарламаларды орнату, кибербуллинг әрекеттерін анықтайтын және алдын алатын мониторинг жүйелерін енгізу. Білім беру және психологиялық қолдау студенттерді интернетте өзін қалай дұрыс ұстау керектігі туралы үйрету, психологиялық кеңес беру қызметтерін жетілдіру, олардың қолжетімділігін арттыру болып табылады. Қоғамдық жұмыс волонтерлік клубтар құру және студенттер арасында кибербуллингке қарсы күреске белсенділік танытатын қауымдастықтар ұйымдастыру және студенттердің цифрлық ортада бір-біріне қолдау көрсетуін ынталандыру болады.

Кибербуллингтің алдын алу мақсатында студенттердің цифрлық этикетін жетілдіру – қоғамның тұрақтылығы мен жастардың психологиялық денсаулығы үшін маңызды қадам. Цифрлық әлемде өзара құрмет пен жауапкершілік көрсету арқылы жастар тек өздерінің ғана емес, сонымен қатар қоршаған адамдардың да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Цифрлық этикет арқылы кибербуллингтің алдын алудың мүмкіндіктері кеңейіп, студенттерді интернеттегі жауапкершілік пен этиканы сақтауға үйрету арқылы қауіпсіз және жайлы онлайн орта қалыптастыруға көмектеседі.


Студенттердің кибербуллинг туралы түсініктерін және цифрлық этикет туралы білімдерінің деңгейін анықтау мақсатында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 6B01102 – Педагогика және білім беру менеджменті білім бағдарламасының білім алушыларымен және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 6B01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының білім алушыларымен Google формада сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 50 білім алушы қатысты.

Сауалнамаға нәтижесі арқылы студенттердің кибербуллинг және цифрлық этикет туралы түсініктері мен көзқарастары анықталады. Сауалнама сұрақтарының жауаптарын талдай келе, 1-суретте білім алушылардың «Кибербуллинг дегеніміз не?» деген сұраққа 96% «Онлайн ортада біреуді қорлау немесе кемсіту» деген дұрыс жауапты таңдаған, ал 4% интернеттегі адамдардың пікірлері немесе пікірталастары деп жауап берген.




1-сурет – Кибербуллинг ұғымын түсіну негіздері

2-суреттегі кибербуллингтің түрлері туралы сұраққа білім алушылардың бөлігі «қорлау» 70%, «жала жабу немесе өтірік ақпарат тарату» 74% жауаптарды тандаған, ал «жеке мәліметтерді жариялау» 52%, «онлайн топтардан шығару» 20%, «анонимді түрде қорлау» 40% деген жауаптар білім алушылар үшін кибербуллингтің түрлеріне жатпайды екен.




2-сурет - Кибербуллингтің түрлерін талдау

Кибербуллингтің студенттерге психологиялық әсері қандай? - деп аталатын 3-ші сұраққа білім алушылардың көпшілігі «стрестік жағдай және депрессия» 96%, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі 76%, жоғары мазасыздық 50%, оқу орнынан шығару 26% әсер етеді деп жауап берген.



3-сурет – Кибербуллингтің студенттерге психологиялық әсері

Кибербуллингті қалай болдырмауға болады? – деген 4-ші суретте «әлеуметтік желілерде жеке деректерді қорғау» 56%, «онлайн қарым-қатынас мәдениетін үйрету» 52%, «кибербуллингті тіркеу және тиісті шаралар қолдану» 58% деген жауаптарды көпшілігі таңдаса, алайда «цифрлық этикет бойынша білім беру» деген жауапты 50 білім алушының 14-і (28%) ғана таңдаған.




4-сурет – Кибербуллингті қандай жолдармен болдырмауға болады

Цифрлық этикет дегеніміз не? - деген сипаттағы 5-ші суретте, білім алушылардың 86%-ы онлайн ортадағы этикалық нормалар мен ережелерді сақтау деп белгілесе, 14% электронды хаттар жазу мен әлеуметтік желіде жазылған пікірлер деп жауап берді.



5-сурет – Цифрлық этикет түсінігін талдау

Цифрлық этикет сақтаудың қандай маңыздылығы бар? – деген сипаттағы 6-шы суретте білім алушылардың 58%-ы «басқа адамдарды құрметтеу», 34%-ы «онлайн кеңістікте қауіпсіздікті сақтау», 8%-ы «өзін кәсіби түрде көрсету» жауаптарын таңдаған, ал «эмоционалды интеллектіні дамыту» деген жауапты ешқандай білім алушы таңдамаған.



6-сурет – Цифрлық этикет сақтаудың маңыздылығы

7, 8-суреттердегі «онлайн ортада өзіңізді қалай дұрыс ұстайсыз?», «онлайн ортада дұрыс емес мінез-құлықты анықтаған кезде қандай әрекет жасар едіңіз?», - деген сұрақтарға «біреудің пікіріне құрметпен қараймын» 68%, «мәселені ашық түрде талқылап, түсіністік орнатуға тырысамын» 56% жауаптарға басымдылық берілген. Бұл студенттердің ашық әрі айқын мәселені талдауға ынталы екенін көрсетеді.




7-сурет – Онлайн ортада өзіңізді қалай дұрыс ұстайсыз?



8-сурет – Онлайн ортада дұрыс емес мінез-құлықты анықтаған кезде қандай әрекет жасар едіңіз

«ЖОО-да кибербуллингтің алдын алу үшін қандай шаралар қажет деп ойлайсыз?», «Студенттердің цифрлық этикетін жетілдіруге арналған ең тиімді әдіс қандай деп ойлайсыз?», - деп аталатын 9,10-суреттерде сұрақтарға көпшілігі «студенттер мен оқытушылар үшін арнайы тренингтер өткізу», «психологиялық кеңес беру қызметтерін ұйымдастыру», - деген жауаптарды белгілеген.



9-сурет – ЖОО-да кибербуллингтің алдын алу үшін қандай шаралар қажет

Ал, «кибербуллинг мәселесі бойынша оқыту бағдарламаларын енгізу», - деген жауапты 27 білім алушы дұрыс деп таныса, «оқу бағдарламасына цифрлық этикет туралы арнайы пән енгізу», - деген жауапты 2 білім алушы ғана дұрыс деп тапқан.



10-сурет – Студенттердің цифрлық этикетін жетілдіруге арналған ең тиімді әдіс

Сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз мынадай ортақ шешімге келдік: студенттердің кибербуллинг және цифрлық этикет туралы түсініктері мен көзқарастары айтарлықтай жақсы деңгейде болғанымен, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет екендігі байқалады. Студенттерге арнайы тренингтер өткізу маңызды, себебі сауалнама нәтижелері бойынша бұл ұсыныс студенттер арасында ең көп таңдалған. Кибербуллингтің түрлері мен психологиялық әсері туралы нақтырақ түсінік қалыптастыру үшін оқу курстарында немесе тренингтерде тақырыптық талқылаулар мен практикалық мысалдар арқылы білімді тереңдету қажет. Цифрлық этикет туралы білім беру мәселесі маңызды болғанымен, сауалнама бойынша тек 28% студент цифрлық этикетке қатысты арнайы білім беруді маңызды деп таныған, бұл мәселе кеңінен талқылауды қажет етеді. Цифрлық этикеттің маңыздылығын арттыру үшін бұл тақырып бойынша оқу бағдарламалары мен тренингтер енгізу қажет. Студенттер цифрлық этикет деген түсінікті жалпы жақсы біледі, бірақ оның маңыздылығы толық түсінікті емес. Мысалы, сауалнамада эмоционалды интеллект пен кәсіби өзін-өзі көрсету жауаптары мүлдем таңдалмаған. Сондықтан цифрлық этикет туралы білім беру курстарын кеңейту, оның ішінде онлайн кеңістіктегі өзара қарым-қатынасты сауатты құру, эмоциялармен жұмыс жасау және кәсіби мінез-құлықтың маңызы туралы тереңірек түсінік беру қажет.

Студенттер арасында цифрлық этикет туралы пәнді білім бағдарламасына енгізудің кибербуллингтің алдын алу үшін тиімді екендігі туралы түсініктің болмауының бірнеше себебі болуы мүмкін. Мұндай түсініктің қалыптаспауының себептерін түсіну үшін төмендегі факторларды қарастыруға болады:

- Цифрлық этикеттің кибербуллингпен байланысын жеткіліксіз түсіндіру: студенттер цифрлық этикет туралы түсінікке ие болғанымен, оның кибербуллингтің алдын алу үшін қалай жұмыс істейтінін толық түсінбеуі мүмкін. Цифрлық этикет тек «онлайн ортада қалай дұрыс қарым-қатынас жасау» деген жалпы түсінікпен шектеледі, бірақ оның нақты кибербуллингті болдырмауға ықпал ететін құрал ретінде маңыздылығы жеткіліксіз

түсіндірілген болуы ықтимал. Мысалы, құрметті қарым-қатынас **жасау**, жеке мәліметтерді қорғау және пікірлерде ұстамдылық көрсету сияқты цифрлық этикеттің элементтері кибербуллингтің алдын алу стратегиясының бөлігі екенін студенттерге нақтырақ көрсету қажет.

- Кибербуллингтің және цифрлық этикеттің арақатынасының жасырын болуы: студенттер цифрлық этикеттің тек жағымды қарым-қатынасқа, мәдениетті мінез-құлыққа қатысты екенін түсінеді, бірақ бұл дауыстар мен пікірлердің дәрежі болуы немесе адамдарды қорлау жағдайларын болдырмауға әсер ететіні туралы көзқарас қалыптаспаған болуы мүмкін. Олар цифрлық этикетті көбінесе жеке тұлғалар арасындағы өзара әрекеттестік ережелері мен нормалары ретінде қарастырып, оның нақты кибербуллингке қарсы профилактикалық шаралар ретінде жұмыс істейтінін байқамайды.

- Цифрлық этикетке қатысты білім беру ресурстарының аздығы: білім бағдарламаларында цифрлық этикет туралы пәндер енгізілгенімен, бұл курстардың мазмұны көбінесе техникалық дағдылар мен негізгі қарым-қатынас дағдыларына бағытталған болуы мүмкін. Осылайша, пәндер кибербуллинг мәселесін шешу жолдары туралы нақты бағыттар мен әдістерді қамтымайды. Тақырыпты кеңінен қамтитын оқу бағдарламаларының жоқтығы студенттерге кибербуллинг пен цифрлық этикет арасындағы тығыз байланысты көрсетуге кедергі келтіреді.

- Кибербуллингтің әсерін жеткіліксіз түсіну: студенттер үшін кибербуллингтің ауыр психологиялық және әлеуметтік салдары болуы мүмкін екені көп жағдайда анық емес. Олар кибербуллингтің тек әлеуметтік желілердегі кейбір теріс пікірлер мен пікірталастардан тыс нәрсе екенін ойлауы мүмкін. Бұл жағдай цифрлық этикет пен кибербуллингтің арақатынасы жөніндегі түсініктерін шектеуге алып келеді.

- Әлеуметтік медианың күшеюі: студенттер цифрлық этикетке мән бермей, әлеуметтік желілерде ашық пікірлер айтуды жиі қолданады, бұл кейде кибербуллингке әкелуі мүмкін.

Сондықтан, цифрлық этикет туралы пәнді енгізу барысында кибербуллингтің алдын алу жолдары мен оның психологиялық әсерлерін түсіндіретін нақты **оқу материалдарын** жасау қажет. «Цифрлық этикет және кибербуллинг» элективті курсының мазмұны студенттерді тек теориялық тұрғыдан емес, практикалық тұрғыдан да дайындауға бағытталған болуы керек. Пәннің мақсаты студенттерге цифрлық кеңістіктегі қауіпсіз және этикалық қарым-қатынасты қалыптастыру, сондай-ақ кибербуллингтің алдын алу және онымен күресудің әдістерін үйрету. Мұндай пәннің мазмұны келесі негізгі тақырыптарды қамтуы тиіс деп ойлаймыз (1-кесте):

1-кесте – «Цифрлық этикет және кибербуллинг» элективті курсының мазмұны

Модуль 1. Цифрлық этиканың негіздері	
1	2
1.1	<i>Цифрлық этиканың мәні мен маңызы:</i> онлайн қарым-қатынас мәдениеті; цифрлық ортадағы адамгершілік принциптері; сандық этика мен құқық арасындағы байланысы; цифрлық бедел және оның салдары.
1.2	<i>Виртуалды кеңістіктегі қарым-қатынас этикасы:</i> электрондық пошта мен мессенджерлерді қолдану мәдениеті; виртуалды кездесулер мен онлайн презентацияларға қойылатын талаптар; интернеттегі мәдени пікірталас және троллингтің алдын алу.
1.3	<i>Қоғамдық және кәсіби цифрлық әдеп:</i> Әлеуметтік желілердегі этика: жеке және кәсіби өмірді ажырату; онлайн қауымдастықтарда этикалық нормаларды сақтау; кәсіби салада цифрлық құралдарды қолдану мәдениеті.
1.4	<i>Цифрлық ортадағы әдепті дамыту:</i> цифрлық сауаттылықты арттырудың маңызы; этикалық технологияларды дамыту тенденциялары; цифрлық әлемде адамгершілік құндылықтарды насихаттау.

Модуль 2. Кибербуллингтің алдын алу және оны шешу жолдары	
1	2
2.1	<i>Кибербуллингтің психологиялық және әлеуметтік әсерлері:</i> Кибербуллинг: анықтамасы және түрлері; кибербуллинг жағдайларын анықтау және талдау; онлайн құрбандарды қолдау стратегиялары; ата-аналар мен мұғалімдердің рөлі.
2.2	<i>Авторлық құқық және зияткерлік меншік:</i> авторлық құқық ұғымы және оны сақтау жолдары; интернеттегі контентті заңды пайдалану; плагиаттың салдары және оны болдырмау жолдары.
2.3	<i>Жеке деректерді қорғау және құпиялылық:</i> жеке деректерді қорғау негіздері; құпия ақпаратты қорғау жолдары; парольдерді басқару және кибершабуылдан қорғану; фишинг пен зиянды бағдарламалардан сақтану.
2.4	<i>Ақпараттық қауіпсіздік және онлайн қауіптер:</i> ақпараттық қауіпсіздік ұғымы; желіде қауіп-қатерлерді тану; браузерді және әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану; кибершабуылдардың түрлері және олардан қорғану әдістері.

Пәнді ЖОО оқу бағдарламасына енгізу студенттердің цифрлық кеңістікте этикалық, мәдениетті және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ кибербуллингтің алдын алу үшін нақты шараларды қабылдауға мүмкіндік береді. Мазмұнның кең әрі жан-жақты болуы студенттерге тек теориялық білім ғана емес, практикалық дағдылар да береді, бұл олардың онлайн ортада қауіпсіз және жауапты болуына септігін тигізеді.

Қорытынды

Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық этика негізінде қауіпсіз ЖОО ортасын құру – бұл тек технологиялық немесе құқықтық мәселе емес, сонымен қатар мәдени және тәрбиелік міндет. Жоғары оқу орындары бұл мәселеде басты рөл атқарып, студенттер арасында өзара құрмет пен сенімді қарым-қатынас қалыптастыруы қажет. Тек осындай кешенді тәсіл арқылы ғана біз цифрлық әлемде қауіпсіз және жайлы орта құра аламыз.

Кибербуллингтің алдын алу мақсатында студенттердің цифрлық этикетін жетілдіру — қоғамның тұрақтылығы мен жастардың психологиялық денсаулығы үшін маңызды қадам. Цифрлық әлемде өзара құрмет пен жауапкершілік көрсету арқылы жастар тек өздерінің ғана емес, сонымен қатар қоршаған адамдардың да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Зерттеу нәтижелері студенттерге цифрлық дағдыларды үнемі дамыту және жетілдіру қажет екенін көрсетті, өйткені ХХІ ғасырдағы толассыз ақпарат ағыны мен цифрлық ортада олардың қорғаныс қалқандарының бірі болып табылады. Жоғары немесе орта кәсіптік оқу орындарында оқу кезеңінде ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруды бастау қажет. Бұл цифрлық ресурстарды адамның күнделікті өміріне де, кәсіби қызметіне де жылдам енгізуге байланысты. Медиа сауаттылық әлеуметтік желілерде ыңғайлы болу, тиімді бейресми коммуникацияны ұйымдастыру үшін қажет. Автоматизмге жеткізілген ақпараттық сауаттылық цифрлық құрылғыларды, коммуникациялық және мобильді қосымшаларды иеленуді қамтиды, сұраныс бойынша ақпаратты табуға, сүзуге және сонымен бірге оған қол жеткізуді басқаруға мүмкіндік береді, бұл әлеуметтік желіде өзіңді қорғауға, сондай-ақ білікті көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Кибербуллингтің алдын-алу және алдын-алу бойынша көптеген ұсыныстар бар, өйткені бұл процесс жасырын сипатқа ие. Желідегі зорлық-зомбылықтың өсу динамикасын бағалау өте қиын, өйткені әр адам оған қатысты мұндай әрекеттер туралы есеп бермейді, сондықтан кибербуллингтің нақты көріністерінің саны болжамды мәліметтерден бірнеше есе көп. Кибербуллингтің жас шектеулері жоқ екенін есте ұстаған жөн, оны тек асоциалды элементтер ғана жүзеге асыра алмайды. Сондықтан

қазіргі заманғы студент сауатты және уақтылы алдын алу үшін цифрлық этикетті, атап айтқанда цифрлық этиканы игеруі керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ). [Электронный ресурс]. URL: <https://www.who.int/ru/> (қаралған күні 04.12.2024)
2. Кибербуллинг: масштаб проблемы в России. [Электронный ресурс]. URL: <https://wciom.ru/analytical-reviews/analiticheskii-obzor/kiberbulling-masshtab-problemy-v-rossii> (қаралған күні 02.12.2024)
3. Казахстанская Ассоциация Информационной Безопасности. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.kaib.kz/> (қаралған күні 02.12.2024)
4. 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №269 қаулысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (қаралған күні 07.12.2024)
5. Асылбекова М.П., Атемова Қ.Т., Сомжүрек Б.Ж. Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллингтің орын алу жағдайы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану Сериясы. 2023. – №3(144). – Б. 47–55.
6. Сейтказы П.Б. Медиаसाуаттылық кибербуллингті алдын алудың шарты ретінде // «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» Халықаралық ғылыми семинар жинағы. – Астана, 2023, 20 сәуір. – Б. 66–72.
7. Abai University разрабатывает Кодекс цифровой этики // Республиканский информационно-аналитический журнал «Современное образование». [Электронный ресурс]. URL: <https://www.bilim.expert/post/abai-university> (қаралған күні 07.12.2024)
8. Сүлейменова Ж.Т., Сейітказы П.Б. Жоғары оқу орнында студенттердің цифрлық этикет дағдыларын қалыптастыру // Proceedings of the 5th International Scientific Conference «European Research Materials». – Amsterdam, Netherlands. – 2024. – P. 15–16. URL: <https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992>
9. Керимбаева Б.Т., Абильдина С.К. Болашақ мұғалімдердің желілік коммуникативтік мәдениетін жетілдірудің педагогикалық негіздері // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2023. – №3(111). <https://doi.org/10.31489/2023Ped3/133-141>
10. Kerimbayeva B.T., Kerimbekov Y.R., Satbai Zh.I. Network Communication Culture Impact on the Lifelong Learning of Future Teachers // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №3(133). – Б. 191–205. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.86>
11. Ержанова А.Е. Білім алушылардың цифрлық этикеті және педагогтың цифрлық мәдениеті мәселелерін зерттеу // Вестник ЗКУ. – 2023. – Том 92, №4. [https://doi.org/10.37238/1680-0761.2023.92\(4\).70](https://doi.org/10.37238/1680-0761.2023.92(4).70)

REFERENCES

1. Vsemirnaia organizacia zdravoohranenia (VOZ) [World Health Organization (WHO)]. [Electronic resource]. URL: <https://www.who.int/ru/> (date of access 04.12.2024) [in Russian]
2. Kiberbulling: masshtab problemy v Rossii. [Electronic resource]. URL: <https://wciom.ru/analytical-reviews/analiticheskii-obzor/kiberbulling-masshtab-problemy-v-rossii> (date of access 02.12.2024) [in Russian]
3. Kazahstanskaia Associacia Informacionnoi Bezopasnosti [Kazakhstan Association of Information Security]. [Electronic resource]. URL: <http://www.kaib.kz/> (date of access 02.12.2024) [in Russian]
4. 2023-2029 zhyldarga arnalgan cifrlyq transformacia, aqparattyq-kommunikatsialyq tehnologialar salasyn zhane kiberqaupisizdikt damytu tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy №269 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic

- of Kazakhstan No. 269 of March 28, 2023 on approval of the Concept for the Development of Digital Transformation, Information and Communication Technologies and Cybersecurity for 2023-2029]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269> (date of access 07.12.2024) [in Kazakh]
5. Asylbekova M.P., Atemova Q.T., Somzhurek B.Zh. Turkistan oblysyndagy zhasospirimder arasynda bullying zhane kiberbullingtin oryn alu zhagdaıy [The prevalence of bullying and cyberbullying among adolescents in the Turkestan region] // L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin Habarshysy. Pedagogika. Psihologiya. Aleumettanu Seriasy. 2023. – №3(144). – B. 47–55. [in Kazakh]
6. Seitqazy P.B. Mediasauattylyq kiberbullingti aldyn aludyn sharty retinde [Media literacy as a condition for preventing cyberbullying] // «Bilim beru uiymdarynda bullying zhane kiberbullingtin aldyn alu: teoria zhane tazhiribe» Halyqaralyq gylymi seminar zhinagy. – Astana, 2023, 20 sauir. – B. 66–72. [in Kazakh]
7. Abai University razrabatyvaet Kodeks cifrovoi etiki [Code of Digital Ethics] // Respublikanski informacionno-analiticheski zhurnal «Sovremennoe obrazovanie». [Electronic resource]. URL: <https://www.bilim.expert/post/abai-university> (date of access 07.12.2024) [in Russian]
8. Suleimenova Zh.T., Seitqazy P.B. Zhogary oqu ornynda studentterdin cifrlyq etiket dagdylaryn qalyptastyru [Formation of digital etiquette skills of students at a higher educational institution] // Proceedings of the 5th International Scientific Conference «European Research Materials». – Amsterdam, Netherlands. – 2024. – P. 15–16. URL: <https://ojs.publisher.agency/index.php/ERM/article/view/2992> [in Kazakh]
9. Kerimbaeva B.T., Abildina S.K. Bolashaq mugalimderdin zhelilik kommunikativtik madenietin zhetildirudin pedagogikalyq negizderi [Pedagogical foundations for improving the online communicative culture of future teachers] // Qaragandy universitetinin habarshysy. «Pedagogika» seriasy. – 2023. – №3(111). <https://doi.org/10.31489/2023Ped3/133-141> [in Kazakh]
10. Kerimbayeva B.T., Kerimbekov Y.R., Satbai Zh.I. Network Communication Culture Impact on the Lifelong Learning of Future Teachers // Jasauı universitetiniń habarshysy. – 2024. – №3(133). – B. 191–205. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.86>
11. Erzhanova A.E. Bilim alushylardyn cifrlyq etiketi zhane pedagogtyn cifrlyq madenieti maselelerin zertteu [Study of the digital etiquette of students and the digital culture of the teacher] // Vestnik ZKU. – 2023. – Tom 92, №4. [https://doi.org/10.37238/1680-0761.2023.92\(4\).70](https://doi.org/10.37238/1680-0761.2023.92(4).70) [in Kazakh]